

### Т. Жанұзақ

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Алматы қаласы, Қазақстан

#### **Проф. М.МАЛБАҚОВ – ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗІН АЙҚЫНДАУШЫ**

**Аннотация.** Мақалада Қазақ лексикографиясының қалыптасу және даму тарихы қарастырылады, сонымен қатар ғалымның қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық мәні анықталады.

Профессор М.Малбаков – қазақ тіл білімі тарихы саласындағы жетекші маман және қазақ лексикографиясының теориялық және ғылыми-әдіснамалық негіздерін жан-жақты зерттеп, нәтижесінде қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің құрылымдық негізін егжей-тегжейлі зерттеген тәжірибелі ғалым.

Осыған байланысты ол түсіндірме сөздікте сөздерді беру және таңдау принциптерін, яғни тізілімдік сөздерді, сөздердің мағынасын анықтау және түсіндіру, полисемияны, семантикалық өрістерді нақтылау, омонимдерді ажырату, кепілдік формаларын түсіндіру тәсілдерін анықтады.

Осы мәселелердің барлығы, сөзсіз, тек түсіндірме сөздіктердің ғана емес, сонымен қатар әр түрлі қазақ тілінің сөздіктерінің кейінгі басылымдары үшін ерекше мәнге ие.

**Тірек сөздер:** тарихи лексикография, түсіндірме сөздік, сөзтізбе, реестр, семантика, көп мағына – полисемия, лексикографиялық теория, сипаттама түсінік, омоним, дәйектеме, тура мағына, қосымша мағына, ауыспалы мағына.

### Т. Жанұзақ

главный научный сотрудник Института языкознания имени  
А. Байтұрсынұлы, доктор филологических наук, профессор  
Алматы, Казахстан

#### **Проф. М. МАЛБАКОВ – ИССЛЕДОВАТЕЛЬ СТРУКТУРНОЙ ОСНОВЫ ТОЛКОВОГО СЛОВАРЯ**

**Аннотация.** В статье рассматривается история формирования и развития казахской лексикографии, а также определяется научно-теоретическое значение трудов ученого в области толковых словарей казахского языка.

Профессор М.Малбаков – ведущий специалист в области истории казахского языкознания и опытный ученый, который провел всесторонние исследования теоретических и научно-методологических основ казахской лексикографии и в результате детально изучил структурную основу толковых словарей казахского языка.

В этом плане им определены принципы подачи и подбора слов в толковом словаре, т.е. реестровых слов, определение и толкование значений слов, уточнение полисемии, семантических полей, различение омонимов, способы толкования залоговых форм.

Все эти вопросы, безусловно, имеют исключительное значение для последующих изданий не только толковых словарей, но и словарей различного типа казахского языка.

**Ключевые слова:** историческая лексикография, толковый словарь, словник, реестр, семантика, многозначность - полисемия, лексикографическая теория, описательное понятие, омоним, обоснование, прямое значение, дополнительное значение, переносное значение.

**T. Zhanuzak**

Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly,  
Doctor of Philological sciences, professor  
Almaty, Kazakhstan

### **M. MALBAKOV – THE RESEARCHER OF THE STRUCTURAL BASIS OF EXPLANATORY DICTIONARIES OF THE KAZAKH LANGUAGE**

**Annotation.** In the article, the history of the formation and development of Kazakh lexicography is considered, and also scientific-theoretical significance of the scientist's works in the field of explanatory dictionaries of the Kazakh language is defined.

Professor M. Malbakov is a leading expert in the area of Kazakh Linguistics history and an experienced scientist who made comprehensive research of the theoretical and scientific-methodological bases of Kazakh lexicography. As a result, he studied in detail the structural basis of explanatory dictionaries of the Kazakh language.

In this aspect he defined the principles of presentation and selection of words in the explanatory dictionary, i.e. of register words, determination and interpretation of word meanings, specification of polysemanticism and semantic fields, distinction of homonyms, the ways of interpretation of voice forms.

All these questions undoubtedly have exceptional value for subsequent editions not only of explanatory dictionaries, but also of dictionaries of various type of the Kazakh language.

**Keywords:** historical lexicography, explanatory dictionary, dictionary, register, semantics, polysemy, lexicographic theory, descriptive concept, homonym, justification, direct meaning, additional meaning, figurative meaning.

Ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым М.Малбақовтың еңбек жолы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қара шаңырағы астында отыз жыл бойы сүбелі еңбектер беру және ғылыми-ұйымдастыру қызметін үйлестірумен өтуде. Ол кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкерден бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры қызметіне дейін биіктеп, өсіп көркейіп отыр.

Әлбетте, мұның бәрі – ғалымның өн бойына біткен таудай талабы, ақыл-ой, дарынды парасаты, еселі еңбегімен тікелей байланысты екені даусыз да күмәнсіз іс.

Қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар санатындағы ұлттық мақтанышымыздың бір сарасы болып отырған тарихы зор Тіл білімі институтының тізгінін ұстап, аға ғалымдар ұстанымынан таймай алға қарай ұмтыла беру, заңғар биікке көтеріле түсу айтарлықтай қажыр-қайрат, ақыл-парасат, ерлік істер күтері сөзсіз. Бұның бәрі «ақыл – жастан, асыл – тастан» дегендей, жас басшы Мырзаберген Малбақұлының қолынан келері сөсіз, оған ұжымның сенімі де, үміті де зор. Өйткені халқымыздың тарихы мен мәдениетін, ұлан ғасырлық тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерттеуді бастап, сара жолға салған ата ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, профессор Қ.Жұбанов, академик Қ.Сәтбаевтар болса, қазақтың ұлттық мәдениетін зерттейтін институтта 1938-1941 жылдары ғалым Н.Сауран-

баев, директордың орынбасары, ал бұл институт Тіл, әдебиет және тарих институты болып құрылғанда 1941-1946 жж. оның директоры, ал 1946 ж. Қазақстан Ғылым академиясы құрылғанда ол институт Тіл және әдебиет институты болып аталып, директоры ұстазымыз Кеңес Одағының Батыры, ғалым Мәлік Ғабдулин 1946-1950 жж. басқарған. Белгілі тіл маманы, біздің ұстазымыз А.Ысқақов 1951-1953 жылдары, білімді маман Х.М.Сайкиев 1953-1956 жылдары директор болды. Академик І.Кеңесбаев бұл институттың директоры болып 1956-1961 жылдары өнімді еңбек етті. Сенімді де білімді, талабы зор жас ғалым М.Базарбаев орынбасары қызметін атқарды. Осы институт Тіл білімі институты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты болып бөлінгенде М.Базарбаев оның ұзақ жылдары директоры болып, институттың дамып көркейіп, гүлденуі жолында ерен еңбек сіңірді. Академик І.Кеңесбаев болса Тіл білімі институтының 1961 жылдан 1978 жылға дейін директоры, ал орынбасары Ә.Қайдаров болды. 1978 ж. І.Кеңесбаев бөлім менгерушілігіне ауысты. Осы ұзақ мерзімде академик І.Кеңесбаев институттың даңқын асырып, одақ бойынша үшінші орынға ие болдық. Өз орнына шәкірті Ә.Қайдаровты отырғызған соң (1978-1995 жж.), институт ірі, мол табыстарға қол жеткізді. Ғылыми еңбектердің саны да артып, сапасы да ұлғайды. Бұл кезде филология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары тек өз республикамыздан ғана емес, туыстас, тілі, салт-сана дәстүрі бір, тарихы ортақ түркі тектес халықтар өкілдері бойынша да лингвист кадрлар дайындалды. Әлбетте бұл игі істер директордың орынбасарлары болған академик Ш.Сарыбаев, профессор: Б.Әбілқасымов, К.Хұсайыновтардың тікелей қатысуымен іске асқан еді. Институт ұжымының сапалы жұмыстарының нәтижесінде ғалымдарымыз І.Кеңесбаев (1978 ж.), А.Ысқақов, Ә.Болғанбаев, Т.Жанұзақов, А.Иманбаев, Б.Қалиев, З.Машабаевалар (1988 ж.), Р.Сыздықова (1996 ж.) Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атағына ие болса, Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаттары болып Ә.Қайдаров (1971 ж.), Т.Жанұзақов (1983 ж.), Р.Сыздық, 1995 ж.), кейін Ж.Манкеева, Б.Әбілқасымовтар да ие болды.

Академик Ә.Қайдаров 1995 ж. құрметті директор болып, этнолингвистика бөлімін басқарды да орнына бұрынғы орынбасары, филология ғылымдарының докторы К.Ш.Хұсайынов сайланып, 20 жыл бойы басшылық жасап, іргелі зерттеулер мен білікті лингвист кадрлар дайындау барысында үздік үлгілер көрсетті. Тұңғыш рет «Қазақша-орысша» үлкен сөздік, 2 томдық үлкен «Орысша-қазақша сөздік», «Ғылыми грамматика» және лексикология, тіл тарихы, диалектология, фонетика, этнолингвистика, ономастика, терминология, тіл мәдениеті салалары бойынша көптеген монографиялар мен көлемді ғылыми еңбектер, мыңдаған ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар жарық көрді. 2009-2011 жылдары «жас та болса бас болған» филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбаев қысқа мерзімде өз дәрежесінде басқару жұмысын жүргізумен қатар ауыз толтырып айтарлықтай ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. 2011 ж. Астана қаласына қызметке ауысуына байланысты институттың ғылыми кеңесінің мәжілісінде институттың құрметті директоры, академик Ә.Қайдардың ұсынысымен, аға ғалымдар: Р.Сыздық, Ә.Айтбаев, Б.Әбілқасымов, Ә.Жүнісбеков, К.Хұсайынов, Ж.Манкеева, З.М.Базарбаева, Н.Уәлиев, А.Жұбанов – бәріміздің, әсіресе институт ұжымының қолдауымен ашық дауыспен, бірауыздан филология ғылымының докторы, профессор М.Малбақовты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры лауазымына ұсынып, зор үміт күтіп, институтты жақсы басқарып, табыстан табысқа жете беруіне тілестестік білдірді. Бұл зор үміт, үлкен сенімді ақтау жолында жас басшы бірінші 5 жылдықта өнімді жұмыстар жасап, зор табыстарға қол жеткізіп отыр.

Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған 15 томдық «Қазақ әдеби

тілінің сөздігі» бойынша М.Малбақов жекелеген томдардың авторы болса, бас редакция алқасының мүшесі ретінде белсене қатысып, ұйымдастырушы ретінде ерекше атсалысты. Бұл 15 томдық 2011 ж. жаңадан жарық көріп, оның басы-қасында М.Малбақов болып, толымды да тынымды еңбек етті. Ол бір томдық «Қазақ сөздігі» атты (2011 ж.) көлемді де маңызды еңбекті жарық көруіне көп еңбектеніп, жалпы редакциясын басқарды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ әдеби тілі сөздігінің» жарық көруін еліміздің рухани-мәдени өміріндегі ең елеулі оқиғалардың бірі ретінде бағалап, оның барша халықтың игілігіне айналатын бірегей мұра болуына тілектестігімді білдіремін», – деп зор ризалық ниетін білдірді.

Қазақ тіл білімінің ақордасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 50 жылдық торқалы тойын өткізу, оның дайындық жұмыстарын ұйымдастыру, халықаралық конференция өткізу, институт тарихы жайлы кітап шығару, конференция материалдарын жариялау, шетелдерден келген қонақтарды сыйлау, құрметтеу сияқты шаруалардың да М.Малбақов еншісіне тигені баршаға мәлім. Соның нәтижесінде институт ұжымы 2011 ж. үлкен қуанышқа бөленіп, өз тарихының, торқалы тойының куәгері болды.

Әсіресе «Ұлы дала тұлғалары» айдарымен 2013, 2014 жылдары А.Байтұрсынов, проф. Қ.Жұбанов, академиктер І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев туралы жарық көрген 5 томның салмағы да, үйлестіру жұмысы да М.Малбақов есімімен байланысты еді. Бұл аталмыш еңбектерден басқа да тіл тарихы, фонетика, грамматика, лексикология, этнолингвистика, тіл мәдениеті, терминология, ономастика, социоллингвистика салалары бойынша жарық көрген қомақты еңбектер мен жүздеген ғылыми мақалалардың өзі атан түйе ғана емес, үлкен жүк машинасы көтере алмайтын, бір вагон ауыр жүк болды. Ал қос арысымыз, тел академиктер Р.Сыздық пен Ә.Қайдардың 90 жылдық мерейтойларын жоғары дәрежеде атап, Халықаралық конференциялар өткізу, салмақты да көлемді жинақтар шығару, екі ғалымның 16 том (әрқайсысының 8 томдығы) еңбегін жарқыратып жарыққа шығару біздің қаржысы аз институт үшін қаншалықты қиыншылыққа түскені кімге де болса аян.

Ғалым – директордың бұл айтылған жұмыстардан басқа да қазақ тіл білімінің дамып көркеюіне қосқан үлесі аз емес. Бұл ретте оның ұстаздық қызметі, түрлі қоғамдық істері, түркі әлемімен, шетел ғалымдарымен ғылыми байланыс, қарым-қатысы өз алдына дара әңгіме. Ол қазақ тілінің тарихы, лексикография, терминология, оның теориясы, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, латын әліпбиін қабылдау, институттың бөлім жұмыстарын дамытуға тікелей басшылық ету істерімен шұғылдандуда. Осымен қатар институт қызметкерлерінің дайындаған он кітабын баспаға ұсыну да игі іс еді.

Қазақ лексикографиясының толық тарихы туралы зерттеу жұмысы басталмай тұрған кезде ғалымдарымыздың мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған шағын да сирек мақалалары ғана болғаны тіл мамандарына мәлім. Ал оның тұтас тарихы қозғалмай жатқан сең болатын. Қазақ тіл білімінің осы тың мәселесін зерттеуге білегін сыбанып кіріскен сол кездегі жас ғалым М.Малбақов болды. Ұзақ жылдардағы зерттеу нәтижесінде «Қазақ лексикографиясының тарихы» атты көлемді монографиялық еңбекті жазып, жас ғалым 1992 ж. кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Араға он жыл салып, кемеліне келген ғалым 2003 жылы «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алса, 2009 ж. «Тіл білімі» бойынша профессор атағына ие болды. Ғалымның бұл зерттеу жұмысы әрі тың, әрі жаңа, негізінен, лексикограф (сөздікші) ғалымдар үшін аса бағалы да құнды, өте қажетті еңбек еді. Өйткені 2 томдық, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері» жазу барысында сөздікшілер сөздік жасау теориясынан құралақан болған.

Негізінен Батыс Еуропа мен орыс ғалымдарының қолға түскен мақалаларын оқып, содан нәр алып, қоректенген-ді.

Қазақ тіл білімінде сөздіктер теориясы бойынша тұтастай ірі, мәнді де маңызды теориялық еңбек ағымен жоқ еді. Өзбек, әзірбайжан, татар, башқұрт, балқар, кейбір түркологтар мен орыс ғалымдарының мақалалары мен некен-саяқ теориялық еңбектерін бетке ұстайтынбыз.

Алайда 2, 10, 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін жазған авторлар, негізінен, ел арасында қайнаған сан қилы өмірді бастарынан өткерген, халықтық бай тілі мен мәдениеті, әдег-ғұрып, салт-сана, тарихи дәстүрінен сусындаған, өздері де мал бағып, шөп шауып, егін орып, қайнап піскен білімді де білікті ұлқыздар болды. Бұның өзі сөздіктердің сапалы болып шығуына айрықша әсер етпей қоймады.

Ғалым М.Малбақовтың «Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері» атты теориялық еңбегінің «Қазақ әдеби тілі сөздігін», бір томдық «Қазақ сөздігін» жазу барысында маңызы айтарлықтай зор болды.

Лексикографияның метатілдік құрылымы, бір тілді түсіндірме сөздіктің сөзтізбе құрамы, сөздік бірліктердің мағыналық құрылымы, сөздіктегі семантикалық анықтамалар, түсіндірудің түрлері, сөздіктің жүйелі құрылымы сияқты күрделі мәселелер тұтастай жүйеленіп, олардың қадаулы да нақты жақтарының теориялары жан-жақты қарастырылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін басқа тілдердегі түсіндірме сөздіктермен салыстыра отырып, әлемдік лексикографияның тәжірибесін ескере отырып талдау жасау, сондай-ақ қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктердің болашақ басылымдарының сапалы да мазмұнды болып жарық көруіне бағыт, бағдар болар шамшырақтай бұл жұмыстың мән-маңызы айрықша зор болды. Автордың өзінің айтуынша: «Лексикографияның теориясы сөздік түзу тәжірибесін қорытып, жүйеге салады, сөздіктердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан жанрларын жетілдірудің теориялық мүмкіндіктерін ашады».

Түсіндірме сөздіктің негізгі де басты құрамы сөзтізбе, яғни басқы сөздер (реестр), онда қандай түрде алынады, олардың құрамы, нормативтік мәселесі. Осы ретте проф. М.Малбақов ұсынысы бойынша құрамы: 1) жергілікті сөздер, аймақтық лексика; 2) халықтық кәсіби лексика; 3) ескі сөздер; 4) жаңа сөзқолданыстар; 5) кітаби лексика; 6) кірме лексика; 7) ғылыми терминология; 8) ауызекі сөйлеу тілі элементтері; 9) сөз варианттары; 10) фразеологизмдер; 11) туынды сөздер; 12) көмекші сөздер; 13) күрделі сөздер деп көрсетілді [1, 173]. Автор осымен байланысты 1976 ж. он томдық түсіндірме сөздікті жасауға байланысты жазылған инструкциядағы біз орындаған «Он томдық түсіндірме сөздікте сөздерді сұрыптап алу принципі» атты еңбегіміз туралы: «Бұл осы еңбектегі ең сапалы жазылған бөліктердің бірінен саналады. Жиырма екі баптан тұратын тақырыпшада ең алдымен ескі, көне сөздер мен діни ұғымға байланысты сөздер, мал, егін, мақта, темекі, қызылша, күріш, балық т.б. шаруашылық түрлеріне байланысты кәсіби сөздер, жергілікті, аймақтық сөздер тобын сөздікке алу әбден шешім тапқан еді», – десе, тағы да: «Т.Жанұзақов ұсынып отырған жаңа шешімдердің бірі – күрделі сөздерден жасалған күрделі ұғым атауларының сөздікте берілуіне қатысты. Ғалым толық лексикаланған күрделі сөздерді жеке сөздік мақалада беруді ұсынады. Бұл қазақ лексикографиясындағы мүлде жаңа, тың шешім болатын. Қазіргі кездегі лексикография тәжірибесінде оларды сөздік тұлға ретінде берудің қажеттілігі де басы ашық нәрсе. Сөздік тұлға ретінде бірінші кезекте алынуға тиісті сөздік бірліктер – күрделі сөздер (біріккен, кіріккен сөздер, қос сөздер, тіркесті сөздер) мен атаулық (номинативті) тіркестер» – деп жазды [2, 173-174].

Түсіндірме сөздіктердің негізгі мақсат-мүддесі – тілдегі сан алуан сөздерді дерлік қамтып қоймай, олардың мағыналарын ашып, толық талдап түсініктерін беру, оларды анықтап, айқындайтын мысалдармен қамтып отыру. Тілдегі сөздердің мағынасы, яғни



семантикасы негізінен семисиологиямен тығыз байланысты. Сөздің ұғымы мен мағынасы тығыз бірлікте, олар шарықтай келе концептік теорияға ұласады. Ал семантиканың өзі халықтың ой-өрісі, философиялық әрі психологиялық үрдістерімен тікелей байланысты. Сондықтан да семантика – философиялық категория. Ол туралы атақты философия мамандарының зерттеулері бар. Поляк халқының атақты ғалымы Адам Шаафтың «Введение в семантику» атты еңбегі бұған дәлел. Сөз мағыналары, негізінен, негізгі мағына, қосымша мағына және ауыспалы мағынаға ие болғанмен, көп мағыналы сөздер де бар. Ол туралы шетел ғалымдары өз зерттеулерінде дәлелдесе, орыс тіл білімінде «семантическое поле» деген терминмен атаған. Ал оны біздер «семантикалық өре» деп атадық. Сөздің мағынасы сөйлеу тілде, ауызекі тілде толық айқындалмаса, көркем әдебиет тілінде, ақын, жазушылар қолданысында, мәтінде әлдеқайда кең байқалады. Біздің түсіндірме сөздіктегі ауыз, бас, аяқ, қол, көз т.б. сөздердің көпмағыналығы басқа тілдермен салыстырғанда әлдеқайда көп.

Сондықтан түсіндірмелі сөздік жасау ісі, негізінен теориялық мәселелерге барып тіреледі. Проф. М.Малбақов өз зерттеуінде Батыс Еуропа, араб, парсы, орыс ғалымдарының лексикографиялық еңбектерін, олар туралы көп салалы ой-пікір, тиянақты тұжырымдарды оқи отырып, қазақ түсіндірме сөздіктерінде алынатын сөздердің құрамын талғап алу, жігін ажыратып, жүйелеп талдау, түсіндіру, тұрақты сөз тіркестері мен фразалардың мағыналарын дұрыс ашып, көп мағынаның жігін ажыратып, жүйелеп түсіндіру тәрізді түйінді әрі принципті мәселелердің бәрінің теориялық негіздерін айқындап саралап отыр.

Ғалымның сөз мағыналарын – семантикалық анықтама, сипаттамалық анықтама, аналитикалық анықтама, синтетикалық анықтама, синонимдік анықтама, терістеуіш (негативті) және антонимдік анықтама, денотаттық анықтама, функционалдық анықтама, сілтемелік анықтама, аралас анықтамалар сияқты жіктеулері, олар жайлы теориялық пайымдаулары қазақ лексикографиясы жайлы жаңа да тың тұжырымдар екені даусыз.

Біздің түсіндірме сөздіктерде етістерге түсінік беру, олардың мағыналарын ашу мәселесінде екіұдай пікір, дау-дамай бар. Ол 15 томдық сөздікте де кездеседі. Мәселен, **Абайла** – ет. *Байқау, сақ болу*. **Абайлағ** – ет. *Байқау, білдіру*. **Абайлау** *Абайла етістігінің қимыл атауы*. **Абайлау** *Абайла етістігінің қимыл атауы; байқау, сақ болу* т.б. Бұдан байқайтынымыз, бірде лексикалық мағынасы ашылса, кейде грамматикалық мағынасын көрсету орын алған. Теориялық жағынан қалай болу керек? Біздіңше, етіс тұлғалардың бәрі лексикалық мағынаға ие. Проф. М.Малбақов «етістіктердің негізгі сөздік тұлғасы ретінде латын лексикографиясында – жекеше бірінші жақ осы шақ; арабтарда – жекеше үшінші жақ өткен шақ; ағылшын, француз, орыс тілдерінде – инфинитив; түрік, әзірбайжан, түрікпен, өзбек, ұйғыр тілдерінде – *мақ/-мек*; татар, башқұрт тілдерінде – түйық етістіктің – у тұлғасы қолданылып келеді. Жоғарыда сөз болғандай, XX ғасырдағы қазақ тілінде де негізінен осы тұлға пайдаланылғанын, бұндағы қайшылық – у тұлғасының қимыл есімдері тұлғасымен сәйкес келуі еді. Осы қайшылық ұзақ уақыт өз шешімін таппай келген болатын. 1999 жылы жарық көрген бір томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» етістік нөлдік тұлғада берілді. Біз өз тарапымыздан осы шешім дұрыс деп ойлаймыз», – деп жазды [3, 75].

Түсіндірме сөздіктерде талас тудырып жүрген мәселенің бірі омонимдерді ажырату еді. Бұл мәселенің көптеген қыры мен сырғы, олардың түсіндірме сөздікте берілу мәселелері жайлы проф. М.Малбақов ұсынған тұжырымдардың мәні зор. Негізінде омонимдердің екі тобы – лексика-грамматикалық омонимдер және лексикалық омонимдер бары мәлім. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің 1-2 томындағы (1959, 1961 ж.ж. басылымдары мен 10 томдық басылымдарда) олардың берілуінің бірдей емес екенін байқаған ғалым омонимдерді түсіндірме сөздіктерде үш түрлі жолмен беруді ұсынды. Олар: 1) Конверсия жолымен жасалған лексика-грамматикалық омонимдер атау сөздің сыртқы

шекесіне қойылған араб цифрымен беріледі; 2) Лексикалық омонимдер атауы сөздің ішкі шекесіне қойылатын араб цифрымен беріледі; 3) Кездейсоқ сәйкес келген омографтар да лексикалық омонимдер тәрізді белгіленеді [4, 309]. Сол сияқты түсіндірме сөздіктерде берілген сөз варианттарының да дау, талас тудырып жүргені көпке мәлім. Бұл жөнінде С.Бизақов, А.А.Юлдашев, Ж.М.Гузеев сынды ғалымдардың пікірлері болса, орыс ғалымдарының ой-пікірлері де аз емес. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасаушы авторлар бұл ғалымдардың еңбектеріне ден қойып, мән бергенмен қазақ әдеби тілінің нормасына сай, «Қазақ тілі орфографиялық сөздігін» басшылыққа алып, әдеби тіл ережесінің нормасына сүйенген еді. Проф. М.Малбақовтың біздің осы пікірімізді қолдайтынын байқадық.

Түсіндірме сөздіктердегі даулы мәселенің тағы бірі – сөз тіркестері мен күрделі сөздерді беру. Сөз тіркестері негізінен сөз ұясында қамтылса, көмекші сөздер сөз мағыналарында беріліп келді. Ал сөз тіркестері құрамында есім тіркестері де, тұрақты тіркестер де қамтылады. Есім тіркестер, негізінен, зат атауы және жеке мағыналы терминдер екені мәлім. Сондықтан оларды басқа сөзге, яғни сөзтізбе беріп, атау сөз сияқты мағынасын ашып, түсінігін берудің жөні бар. Мәселен, дауысты дыбыс, еріндік дыбыс, грамматикалық категория, сөз мағынасы (тіл білімінде бар терминдер). Ал *ақ алмас, ақ балта, ақ бата, ақ болат, ақ боран, ақ неке, ақ сауыт, ақ сұңгі, ақпа жұлдыз, ақпа құм, балалар үйі, бас балуан, бас бармақ, бас жұлде, бас сардар, екпе гүл, екпе пар, жайдақ арба, жайдақ базар, жас жұбай, жас түлек, жас ұлан, жел құйын, жер үй, жер шары, жұмыр жер, зер кілем, зер сырға, киіз етік, киіз үй, көркем әдебиет, көркем фильм, қан плазмасы, қан түйіршіктері, қан базар, қан жайлау, май қышқылы, май шырақ, мал дәрігер, мал қора, мал тас, ондық бөлшек, орта шаруа, орта білім, орта жасыр, ортан жсілік, ортан қол, сарап комиссиясы, сары аяз, сары дала, сарыбас құрай, табан жол, табан қарыс, табан елі, таң намазы, таң сәрі, тас жол, тас құдық, тас керең, төте жол, төте оқу, төте салық, түбіт орамал, тік төртбұрыш, тілдік таңба, тілдік тұлға, тілдік жүйе, уыз қымыз, ұзын құлақ, ұзын сонар, ұзын тұра, ұлы сәске, ұлы түс, үзік арқан, үзік бау, шерік қол, шет жер, шет тіл, шот маңдай, шөп тырма, шуда бұл, шуда жіп, ықпа ағыс, ішек қабыныс* сияқты екі я үш сөзден тұратын есім тіркестер мен әртүрлі ғылым саласына тән терминдер сөз ұясында берілмей, жеке дербес лексикалық бірлік (единица) арқылы сөздіктің бас сөзіне (реестрге) берілуі тиіс. Өйткені салалық ғылым сөздіктерде олардың атау ретінде жеке беріліп, мән-мағынасы толық түсіндіріледі ғой. Ал атау, есім сөздер жеке лексика ретінде тіліміздің сөз байлығын өсіріп көрсетуде аса маңызды болмақ. Осы мәселелер проф. М.Малбақов тарапынан дұрыс шешімін тапқан.

Қорыта айтқанда, профессор М.Малбақов ғасырлық тарихы, қалыптасқан ғылыми дәстүрі бар қазақ тіл білімінің алтын ордасы – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының дамып көркеюіне бар талап-жігер, қазыналы бай білімі мен бар қабілетін арнайтын білімді басшы ретінде алға апарары сөзсіз. Ал ғалымның «Қазақ лексикографиясының тарихы», «Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері» т.б. еңбектерінің келешек ұрпақ, жас тілші мамандар үшін, болашақта жасалар түсіндірме сөздіктер, тарихи сөздіктер және этимологиялық, басқа да сөздіктер жасағанда аса пайдалы да қажетті, құнды да бағалы еңбек, негізгі құрал болары еш күман тудырмайды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы, 2002. – 65 б.

[2] Малбақов М. Сөздік және сөзтаным мәселелері. Алматы, 2015. – 23 б.